

## Негізгі құралдарға табиғи монополиялар субъектілерінің қайта бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 21 шілдедегі N 226-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 24 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3807. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 шілдедегі № 550 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 21.07.2015 № 550 (бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:** Қараңыз P070000943

1. Қоса беріліп отырған Негізгі құралдарға табиғи монополиялар субъектілерінің қайта бағалау жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е.Ш. Әлиев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) белгіленген тәртіппен оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының және табиғи монополиялар субъектілерінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

К Е Л І С І Л Г Е Н :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Әділет министрінің міндетін атқарушы

2005 жылғы 29 шілде

Қазақстан Республикасы Табиғи  
монополияларды реттеу агенттігі  
төрағасының 2005 жылғы  
21 шілдеде N 226-НҚ бұйрығымен

бекітілген

## **Негізгі құралдарға табиғи монополия субъектілерінің қайта бағалау жүргізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Негізгі құралдарға табиғи монополия субъектілерінің қайта бағалау жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы", "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы", "Бағалау қызметі туралы" заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Ережені әзірлеудің негізгі мақсаты негізгі құралдарға табиғи монополия субъектілерінің (бұдан әрі - Субъект) қайта бағалау жүргізу қағидаттарын, ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін айқындау болып табылады.

3. Негізгі құралдарды қайта бағалауды уәкілетті органның келісімі бойынша Субъекті жүргізеді.

4. Негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізу қажеттілігінің негіздері:

1) негізгі құралдардың құнын әділ құнға сәйкес келтіру;

2) негізгі құралдардың жасаушы - зауыттың техникалық құжаттамасы бойынша қызмет көрсетудегі нормативтік мерзімінің іс жүзінде пайдалану мерзіміне сәйкес келмеуі;

3) ғылыми техникалық прогрестің нәтижесінде іс жүзінде тозығының жетуі, шаруашылық қызмет талаптарының өзгеруі, экономикалық факторлардың ықпал етуі ;

4) негізгі құралдардың техникалық сипаттамаларының нашарлауына алып келетін басқа да қолайсыз, көзделмеген факторлардың ықпалы болып табылады.

5. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

амортизация - қызмет мерзімі ішінде активтің амортизацияланған құнын жүйелі бөлу түріндегі тозудың құндық көрінісі;

амортизацияланған құн - активтің өзіндік құны немесе тарату құны шегерілген, өзіндік құнының орнына қаржылық есепте көрсетілген басқа сома;

баланстық құн - негізгі құралдардың барлық жинақталған амортизациясының және активтің бағасыздануынан жинақталған зияндардың сомасы шегерілгеннен кейін баланста танылған актив сомасы;

тозу - негізгі құралдар объектілерінің іс жүзіндегі және моральдық сипаттамаларының ысырап процесі:

1) іс жүзіндегі тозу - пайдалану табиғи-климаттық және басқа факторларының ықпалынан күту жағдайларына байланысты тозудан және бүлінуден туындаған бүлінулердің (ақаулардың) салдарынан болған объекті құнының ысырабы;

2) функционалдық тозу - жетілдірілген сәулеттілік, көлемдік жоспарлау, құрастырмалы немесе басқа сипаттамалары бар осы заманғы үй-жайлар мен ғимараттарға тән функцияларды жүзеге асыру мүмкін болмауының нәтижесінде бағалау объектісі құнының ысырабы;

3) экономикалық көнеру - жылжымайтын мүлік рыногындағы өзгерістердің нәтижесінде қоршаған ортаның ықпалының салдарынан (экономиканың жай күйіне, демографиялық жағдайға тұтынушылардың төлем қабілеттілігіне және басқа да өңірлік факторларға негізделген рынокта қалыптасқан ұсыныстардың сұранысы мен көлемінің ара-қатынасы) болған объект құнының ысырабы;

құзыретті орган - тиісті саладағы Субъектінің қызметін реттеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган, коммуналдық меншіктегі не шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері қызметтерін көрсететін Субъект үшін - жергілікті атқарушы органдар;

негізгі құралдар - субъект өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіру немесе дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) жеткізіп беру, басқаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін және оларды уақыттың ұзақ кезеңі (бір жылдан астам) ішінде пайдалану болжанып отырған пайдаланылатын материалдық активтер;

бағалаушы - бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

бастапқы құн - негізгі құралдарды салу немесе сатып алу жөніндегі, төленген өтелмейтін салықтар мен алымдарды, сондай-ақ жеткізіп беру, монтаждау, орнату, пайдалануға беру жөніндегі шығындар мен оны мақсаты бойынша пайдалану үшін активті жұмыс қалпына келтіруге тікелей байланысты кез-келген басқа да шығындарды қоса, жүзінде жұмсалған шығындардың құны;

пайдалы қызмет мерзімі - негізгі құралдарды пайдаланудан экономикалық пайда алу болжанып отырған кезең;

өзіндік құн - ақша қаражаттарының сомасы, не активті сатып алу мақсатында

оны сатып алу немесе салу сәтінде берілген басқа өтемнің әділ құны; әділ құн - осындай операцияны жасауға ниеттенген жақсы хабардар етілген, тәуелсіз тараптар арасында актив алмасылуы мүмкін сома; нормативтік қызмет мерзімі - Субъект техникалық құжаттамаға сәйкес негізгі құралдардың пайдаланылу мерзімін айқындайтын кезең; ағымдағы құн - белгілі бір күнге арналған қолданыстағы рынок бағалары бойынша негізгі құралдардағы құны.

## **2. Негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізу әдістері**

6. Негізгі құралдарды қайта бағалау шығындық, табыстық және салыстырмалы көзқарастардың негізінде ұқсас объектілерді ұдайы өндіруге нарықтық бағалар мен тарифтерді қайта бағалау кезінде қолда барларға сүйене отырып негізгі құралдардың әділ құнын айқындауға негізделген тікелей бағалау әдісімен жүзеге асырылады.

7. Шығындық көзқарас негізіндегі тікелей бағалау әдістері - Бағалау объектісін тозудың барлық түрлерін шегере отырып толық ұдайы өндіру немесе орнын алмастыру құнын айқындау әдістері. Негізгі құралдарды ұдайы өндіру тәсіліне орай өзара байланысты әдістермен айқындалатын оларды қалпына келтіру құны немесе орнын алмастыру құны деп бөледі:

1) сандық әдіс (кезеңдік есеп айырысу) - бірыңғай аудандық бірлі-жарым бағалау (БАББ) жинақтарын, сметалық нормалар және ережелер (СНжәнеЕ), сметалық нормалар және бағалау (СНжәнеБ) және тозу ескерілген басқа нормативтерді пайдалану негізінде ұдайы өндіру немесе орнын алмастыру құнын а й қ ы н д а у ;

2) құнның ірілендірілген қорытындыланған көрсеткіштерінің әдісі - ұдайы өндіру немесе орнын алмастыру құнын ұқсас объектілерді сату туралы ұсыныстарды қорытындылау жолымен немесе ірілендірілген сметалық нормативтер (ИНС), қалпына келтіру құнының ірілендірілген көрсеткіштері (ҚҚІК), құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері (ҚҚІК) жинақтары мен тозуы шегерілген басқа нормативтерді қолдану негізінде айқындау;

3) салыстырмалық бірлік әдістері - құнның өлшем бірлігі бағаланып отырған тұтыну пайдалылығының бірыңғайлық көрсеткіші болып табылады;

4) ұқсас объектілер әдісі - бағаланып отырған объектінің құны тікелей ұқсас объектінің құны бойынша айқындалады, ал қажет болған жағдайда түзету олардың сындарлы айырмашылықтарының жиынтығы бойынша орындалады;

5) Бағалау қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әдістер.

8. Салыстырмалы көзқарастың негізінде тікелей бағалау әдісі - ұқсас объектілерді сату бойынша мәмілелерді талдауға және тиісті түзетулер жүргізу үшін бағалау объектісімен салыстыруға негізделген әдістер:

1) сатудың салыстырма талдау әдісі - бағалау объектісінің құнын жуырда сатылған ұқсас объектілердің, олардың арасындағы айырмашылықты ескеретін құнын түзету жолымен айқындау;

2) рыноктық ақпарат әдісі - жылжымайтын объектінің құнын бағаланып отырған объектінің орналасқан жерін ескере отырып, рынокта қалыптасқан жылжымайтын мүлікке ұсыныстар мен сұраныс туралы ақпаратты талдау жолымен айқындау;

3) Бағалау қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әдістер.

9. Табыс көзқарасы негізінде тікелей бағалау әдістері жылжымайтын мүлік объектісінің, оны болашақта пайдаланудан алынатын күтілетін табыстарды айқындауға негізделген құнын айқындау әдістері:

1) тікелей капиталдандыру әдісі - құнды табыстың тұрақты шамасы, бастапқы инвестициялардың болмауы, капитал мен табысты капиталға қайтарудың бір мезгілдегі есебі кезінде жылжымайтын мүлік объектісінің тұрақты пайдаланылуын сақтау талаптарына сүйене отырып айқындау;

2) ақша ағындарын дисконттау әдісі (дисконтталған қолда бар ағын әдісі) - құнды объектіні пайдалануға байланысты тәуекел дәрежесіне орай ақша ағындарын өзгерту және әрқелкі түсу талаптарына сүйене отырып айқындау;

3) Бағалау қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әдістер.

10. Негізгі құралдарды тікелей бағалау әдісімен қайта бағалауды заңнамада белгіленген тәртіппен тартылған тәуелсіз бағалаушылар жүргізеді.

### **3. Негізгі құралдарға табиғи монополиялар субъектілерінің қайта бағалау жүргізу мерзімдері**

11. Негізгі құралдарды қайта бағалауды Субъекті он екі айда бір реттен жиі емес жүргізеді.

### **4. Негізгі құралдарға тікелей бағалау әдісімен қайта бағалау жүргізу талаптары мен нәтижелерін уәкілетті органмен келісу тәртібі**

12. Ереженің 4-тармағында баяндалған негіздер бойынша қайта бағалау жүргізу қажеттігі пайда болған жағдайда, Субъекті негізгі құралдарға қайта

бағалау жүргізу келісімін алу үшін уәкілетті органға негіздеуші материалдарды:

1) қайта бағалау жүргізу қажетті негізгі құралдардың тізбесін;  
2) мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды: мүлікке меншік құқығын растайтын шартты және (немесе) шешімді, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелерін, Субъектінің басшысы мен бас бухгалтері қол қойған, мөрмен расталған бухгалтерлік баланстан алынған көшірме-растауды (көшірме негізгі құралдардың атауын, үлгісін, түрін, пайдалануға берілген күнін, қызметтің пайдалы мерзімін, бастапқы, қалдық құнын қамтуға тиіс), мүлікке деген меншік құқығын растайтын өзге де құжаттарды ;

3) негізгі құралдарға олардың жай-күйін көрсете отырып қайта бағалау жүргізудің негіздемесін ;

4) техникалық көрсеткіштердің техника мен технологияларды дамытудың осы заманғы деңгейіне сәйкестігін ;

5) Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметін талдауды және өткен кезеңдер ішіндегі түсіндірме жазбаны тіркей отырып, өтініш жолдайды.

13. Уәкілетті орган өтінішті отыз күннен кешіктірмей қарайды және Субъектіні негізгі құралдарды қайта бағалау рәсімдерін бастауға келісу бойынша қабылданған шешім туралы немесе бас тарту себептерінің негіздемесі бар келісуден бас тарту туралы жазбаша хабардар етеді.

14. Қайта бағалау жүргізу жөніндегі қызметтерді сатып алу жүргізілгеннен және бағалаушы шартты орындағаннан кейін Субъекті уәкілетті органға:

1) қайта бағалауға тап болған негізгі құралдардың олардың бастапқы және қайта бағаланған құнын көрсетілген тізбесін қамтитын негізгі құралдарға жүргізілген қайта бағалаудың қорытындыларын ;

2) бағалаушының бағалай қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптасқан есебін ;

3) тарифті (бағаны, алым ставкасын) өзгертуге қайта бағалау әсерінің есебін ұсынады.

15. Уәкілетті орган қайта бағалау материалдарын алған күннен бастап оларды отыз күннен кешіктірмей қарайды және Субъектіні негізгі құралдарды қайта бағалау рәсімдерін бастауға келісу бойынша қабылданған шешім туралы немесе бас тарту себептерінің негіздемесі бар келісуден бас тарту туралы жазбаша хабардар етеді.

16. Егер шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті орган Субъектіден оны сұратуға және материалды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарламамен бірге мұндай сұрату өтініш алған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей Субъектіге жіберілген жағдайда, қарау мерзімін отыз күнге ұзартуға құқылы.

17. Уәкілетті органға ұсынылатын құжаттар мен ақпараттар тігілуге, нөмірленуге және Субъектінің мөрімен расталуға, материалдардың әрбір парағына бірінші басшы не болмаса тиісті растауы болған жағдайда оны алмастыратын тұлға, ал қаржы құжаттарына бас бухгалтер қол қоюға тиіс.

18. Ұсынылып отырған құжаттар түпнұсқада немесе олардың көшірмелері болуға тиіс, соңғы жағдайда қол қойған басшы олардың шынайылығы мен толықтығын жазбаша растауға тиіс.

19. Уәкілетті орган қайта бағалау жүргізу және негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізу рәсімдерін бастауға келісім беруден, егер:

1) Субъекті барлық қажетті құжаттарды ұсынбаған не ұсынылған құжаттағы ақпарат шынайы болып табылмаған;

2) Субъекті уәкілетті орган сұратқан қосымша ақпаратты ұсынбаған жағдайда бас тартуға құқылы.

20. Қажет болған жағдайда, уәкілетті орган ұсынылған материалдарды қарау кезінде сарапшылар тартуға құқылы.